

"Алматыгортеплокоммунэнерго" акционерлік қоғамы бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 мамырдағы N 625

Бюджеттік ұйымдардың тұтынылған жылу энергиясы үшін берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет пен республикалық бюджетке заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша 74 (жетпіс төрт) млн. теңге сомасында берешегі бар "Алматыгортеплокоммунэнерго" акционерлік қоғамы арасында берешек есептемесін жүргізсін.

Аталған сома қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес тұтынылған жылу

энергиясы үшін қарызы бар бюджеттік ұйымдарды қаржыландыру шотына есептелсін.

2. Берешекті есептеу аталған сома республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлімдерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

3. Алматы қаласының әкімі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдар бойынша берешектерді қысқарту мақсатында осындай есептемелер жүргізу туралы шешім қабылдағаны ескерілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 22 мамырдағы

N 625 қаулысына

1-қосымша

Тұтынылған жылу энергиясы үшін берешек есептемесі

жүзеге асырылатын министрліктердің, ведомстволар

мен республикалық мекемелердің

Тізбесі

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	10158
---	-------

Республикалық ғылыми-техникалық кітапхана	261
--	-----

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы	499
---	-----

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	34300
---	-------

Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының Медицина орталығы	11191
--	-------

Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері әскери институты	13000
--	-------

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	3761
---	------

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті	330
--	-----

Қазақстан Республикасының Орталық музейі	500
---	-----

Жиыны	74000
-------	-------